

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 1 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»	

Бақылау-өлшегіш құралдар

Бағдарламаның 2-аралық бақылауға арналған сұрақтары

Пән коды: MAMSMQ 5301

Пәні: «МӘМС және медициналық құқық»

ББ атауы және шифры: 6B10101 «Жалпы медицина»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 150 сағат (5 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 5 курс, 10 семестр

Шымкент, 2025

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 2 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӨМС және медициналық құқық»	

Құрастырған:



Айдар А., аға оқытушы
магистр

Хаттама № 16 « 26 » 06 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:

м.ғ.к., кауым.проф.



Сарсенбаева Г.Ж.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 3 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӨМС және медициналық құқық»	

2-аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Мемлекеттік субсидиялар міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне қалай әсер етеді?
2. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық қызметтердің құнын есептеу әдістемесі қандай?
3. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі Қазақстандағы медициналық қызмет көрсету сапасына қалай әсер етеді?
4. Қазақстандағы медициналық сақтандыру жүйесінің қаржыландыру мәселелері қандай?
5. Қазақстандағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесін жаңа экономикалық жағдайларға бейімдеу жолдары қандай?
6. Қазақстандағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі проблемалар қандай?
7. Қазақстанда ауылды жерлерде міндетті медициналық сақтандыруды енгізудің ерекшеліктері қандай?
8. Міндетті медициналық сақтандыру аясында медициналық қызметтерге қолжетімділікті арттыру үшін қандай мәселелер шешілуі тиіс?
9. Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыру жүйесін реформалау болашағы қандай?
10. Міндетті медициналық сақтандыру аясында медициналық қызметтердің сапасын жақсарту үшін қандай шаралар қабылдануы керек?
11. Қазақстандағы медициналық сақтандыру жүйесі профилактикалық емдеуді қалай дамытуы мүмкін?
12. Қазақстандағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне электрондық технологияларды енгізудің болашағы қандай?
13. Қазақстандағы медициналық сақтандыру жүйесінде жеке сақтандыру компанияларының рөлі қандай?
14. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандыру медициналық ұйымдарының рөлі қандай?
15. Қазақстанда жеке сақтандыру компанияларының медициналық сақтандыру саласында даму болашағы қандай?
16. Қазақстандағы сақтандыру компанияларының міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі міндеттері қандай?
17. Қазақстан азаматтары үшін сақтандыру компаниясын таңдауға қандай факторлар әсер етеді?
18. Қазақстандағы медициналық сақтандыру жүйесінің ТМД елдеріндегі жүйелермен салыстырғанда қандай ерекшеліктері бар?
19. Еуропа Одағындағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің ерекшеліктері мен Қазақстанға әсері қандай?
20. Қазақстандағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесі АҚШ немесе Канададағы жүйелермен қалай салыстырылады?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 4 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»	

2-аралық бақылауға арналған тест сұрақтары

1-нұсқа

1. МӘМС Заңын енгізу мен іске асыру жағдайында қазіргі кездегі денсаулық сақтау жүйесіндегі негізгі проблемалар

- А. санитариялық-амбулаториялық көмектің қол жетімді болмауы
- Б. медициналық көмекті жекеменшік клиникада алу мүмкіндігі зор
- В. азаматтардың салауатты өмір салтын ұстанымдары нашар
- Г. денсаулық сақтау саласындағы заңнамалардың орындалмауы
- Д. дәрігерлердің клиникалық хаттамаларға сәйкес емдемеуі

2. МӘМС жүйесінің әмбебаптық қағидасы

- А. табысы бірдей адамдардың қорға аударатын жарна көлемі де бірдей болады
- Б. әрбір сақтандырылған адамның төлеген жарнасының сомасына қарамастан МӘМС пакеті бойынша медициналық көмек алуға құқығы бар
- В. халықтың жарналары табысына байланысты
- Г. экономикалық белсенді емес халық үшін жарнаны мемлекет аударады
- Д. тұрақты өмір сүретін тұрғындардың барлығы қатысуы тиіс

3. Міндетті медициналық сақтандыру аясында қызмет көрсететін медициналық мекемелерге ... жатады.

- А. жеке медициналық тәжірибемен айналысатын жеке кәсіпкерлер, медициналық сақтандыру жүйесі бойынша қызмет көрсететін медициналық мекемелер реестріне енген мекемелер
- Б. ҚР заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық-құқықтық түрі әртүрлі, медициналық сақтандыру жүйесі бойынша қызмет көрсететін медициналық мекемелер реестріне енген мекемелер
- В. тек қана мемлекеттік ұйымдастырушылық-құқықтық түрге ие, медициналық сақтандыру жүйесі бойынша қызмет көрсететін медициналық мекемелер реестріне енген мекемелер
- Г. ҚР заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық-құқықтық түрге ие, медициналық сақтандыру жүйесі бойынша қызмет көрсететін медициналық мекемелер реестріне енген мекемелер
- Д. ұйымдастырушылық-құқықтық меншігіне байланыссыз кез-келген медициналық мекеме

4. Жұмыссыз жүрген азаматтар МӘМС жүйесіне қатысу үшін ... қажет.

- А. ХҚК орталығында тіркелуі
- Б. жекеменшік медициналық орталықта сақтандырылуы
- В. сақтандыру полюсін сатып алуы
- Г. жұмыспен қамту мекемелеріне тіркелуі
- Д. халықаралық сақтандыру полюсін сатып алуы

5. Жарналар ... төленеді.

- А. кез-келген валютада
- Б. ҚР ұлттық валютасында
- В. әр ұлт өз валютасында

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 5 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӨМС және медициналық құқық»	

Г. тек доллармен

Д. қолма қол

6. Медициналық қызметті сатып алу кезінде ... денсаулық сақтау мекемелеріне басымдық беріледі.

А. бәсекеге қабілетті

Б. лицензиясы бар

В. сертификаты бар

Г. аттестациялаудан өткен

Д. аккредиттеуден өткен

7. Өнім берушілердің бірыңғай тіркеліміне енгізуде ... мекемелерге басымдық беріледі.

А. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес денсаулық сақтау саласында аккредиттеуден өткен

Б. белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін меншікті ақпараттық жүйесі бар

В. материалдық және еңбек ресурстарының бар

Г. банкроттыққа жол бермеген

Д. ҚР аумағында көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүзеге асырылатын айдың алдындағы бес жыл ішінде үздіксіз тиісті медициналық көмек ұсынған

8. Сараланған төлемді енгізу алгоритмі:

А. тұрақты комиссия құру, сараланған еңбекақы төлеу қағидалары туралы ережені әзірлеу, әрбір қызметкердің жұмысын бағалау матрицасын әзірлеу, ұйымның ағымдағы кезеңдегі кірістерін бағалау, әрбір құрылымдық бөлімше үшін жинақтаушы қорды айқындау, комиссияның сараланған үстемеақылар бөлуі

Б. сараланған еңбекақы төлеу қағидалары туралы ережені әзірлеу, әрбір қызметкердің жұмысын бағалау матрицасын әзірлеу, ұйымның ағымдағы кезеңдегі кірістерін бағалау, әрбір құрылымдық бөлімше үшін жинақтаушы қорды айқындау, комиссияның сараланған үстемеақыларын бөлу

В. тұрақты комиссия құру, ұйымның ағымдағы кезеңдегі кірістерін бағалау, әрбір құрылымдық бөлімше үшін жинақтаушы қорды айқындау, комиссияның сараланған үстемеақылар бөлуі

Г. сараланған төлемдерді төлеу тәртібі туралы ережені әзірлеу, әрбір қызметкердің жұмысын бағалау матрицасын әзірлеу, әрбір құрылымдық бөлімше үшін жинақтаушы қорды айқындау, комиссияның сараланған қосымша ақыларын бөлу

Д. тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру, ұйымның ағымдағы кезеңдегі кірістерін бағалау, комиссияның сараланған үстемеақылар бөлуі

9. 60 жастағы пациент дәрігердің қабылдауына келді, 20 жыл ревматоидты артрит үшін ем қабылдауда. Қостанай қаласында тұрады, сол жерде есепте тұр. Емді тұрақты түрде қабылдамайды, препараттарды үзіліспен қабылдайды. Соңғы бірнеше айда тізе мен жамбас буындарындағы ауырсынудың күшеюіне шағымданады. Науқас ауруханаға жатқызуды және Нұр-сұлтан қаласындағы травматология ҒЗИ-да жамбас буынын ауыстыруды талап етеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 6 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»	

Қандай жағдайларда азаматтар МӘМС жүйесі бойынша стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымын таңдауға құқылы?

- А. Тек МӘСК шешімі бойынша
- Б. Барлық болған жағдайларда
- В. Жоспарлы медициналық көмек жағдайларында
- Г. Тек шұғыл медициналық көмек жағдайларында
- Д. Тек комиссия қорытындысы бойынша

10. 30 жастағы ер адам емханаға әлсіздікке, соңғы 3 ай ішінде күніне 2-3 рет сұйық нәжіс шығаруына, жиі шөлдеуге, тамақтану кезінде аузының ашуына шағымданды. Эпид. анамнез: инъекциялық есірткі қабылдайды.

Наукаста басқаларға қауіп төндіретін әлеуметтік маңызы бар қандай ауруға диагноз қойылады?

- А. Гепатит В
- Б. АИТВ – инфекция
- В. Мононуклеоз
- Г. Лимфогранулематоз
- Д. Туляремия

11. 5 жастағы бала ауруханаға дене қызуының жоғарылауы шағымымен жатқызылды, енжар, бір қырымен жатады, басын артқа бұрады. Балада менингальды белгілер анықталды. Дәрігер Менингит диагнозын қойды.

Пациентті емдеу медициналық көмектің қандай көлемі шеңберінде жүргізіледі?

- А. Қайырымдылық қорларының қаражатына
- Б. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі
- В. Ақылы негізде
- Г. Ерікті медициналық сақтандыру арқылы
- Д. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі

12. Науқас тіркелген жері бойынша тұмауға қарсы екпе алу мақсатында дәрігердің қабылдауына жүгінді.

Ол қандай бағдарлама аясында жұқпалы және паразиттік ауруларға қарсы профилактикалық егулерді алуға құқылы?

- А. ЕМС
- Б. МӘМС
- В. Ақылы негізде
- Г. ТМҚКК
- Д. Қайырымдылық қорының қаражатына

13. Емханаға МӘМС бойынша медициналық көмек алғысы келетін 35 жастағы ер адам жүгінді.

Медициналық ұйым сақтандыру жүйесі бойынша емделушінің мәртебесі мен қызмет көрсету мүмкіндігін қалай анықтайды?

- А. ЖСН бойынша ҚР сақтандырылған азаматтарының бірыңғай тіркелімі арқылы

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 7 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»	

Б. сақтандыру парағы бойынша

В. төлқұжаты бойынша

Г. арнайы сәйкестендіру карточкалары бойынша

Д. сақтандыру карточкалары бойынша

14. Мемлекеттік қызметкер МӘМС қорына жарналар/аударымдарды есептеу бойынша кеңес алу үшін жүгінді. Жалақыны азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт негізінде алады. Шартқа сәйкес ай сайынғы табысы 148000 теңгені құрайды.

Осы қызметкердің 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап МӘМС қорына аударатын жарналарының көлемін есептеңіз.

А. 7400 тг

Б. 14800 тг

В. 1480 тг

Г. 2960 тг

Д. 5920 тг

15. Науқас Н. профилактикалық тексерілу мақсатында ЕПМ-ге жүгінді.

Оған қандай бағдарлама аясында медициналық көмек көрсетіледі?

А. МӘМС пакеті арқылы медициналық көмек

Б. ТМҚКК пакеті арқылы медициналық көмек

В. халықаралық қор есебінен медициналық көмек

Г. арнайы мамандандырылған медициналық көмек

Д. жоғары мамандандырылған медициналық көмек

16. Азамат Оралов еш жерде жұмыс істемейді. Аппендицит диагнозы қойылып, жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жатқызылып, ота жасалды.

Ораловқа медициналық көмек қандай пакеттен көрсетіледі?

А. емдеу мекемелерінің пакетінен

Б. МӘМС пакетінен

В. ТМҚКК пакетінен

Г. жұмыссыздарға арналған пакеттен

Д. жергілікті пакеттен

17. Әскери бөлімнің командирі құздан құлап, аяғын сындырып алды. Жакын манда әскери бөлімнің медициналық көмек көрсететін мекемесі болмағандықтан, жолдасы емханаға апарды. Науқастың әскери қызметкер екені анықталғанда, дәрігер оған көмек көрсетуден бас тартып, ақы төлеуді талап етті.

Дәрігердің іс-әрекетін бағалаңыз.

А. науқасқа медициналық көмек тек әскери қызметкерлерге арналған арнайы мекемелерде көрсетілуі тиіс

Б. науқасқа медициналық көмек ТМҚКК аясында көрсетілетіндіктен, дәрігердің іс-әрекеті дұрыс емес

В. әскери қызметкер МӘМС қорына жарна аудармағандықтан, дәрігердің ақы төлеуді талап етуі орынды

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 8 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»	

Г. әскери қызметкерлер үшін МӘМС қорына жарнаны мемлекет аударатындықтан, дәрігер көмекті тегін көрсетуі қажет

Д. бас дәрігердің рұқсатымен, медициналық көмек көрсетіледі

18. А. есімді жүкті азаматша емханадағы әйелдер бөлімінің дәрігерлері медициналық көмек көрсетуден бас тартқандықтан, нәресте шала туылды деп сотқа шағымданды. Соттың сұрауына дәрігерлер жүкті әйелдің басқа елдің азаматы, біздің елімізде сақтандырылмағандығын ескеріп, медициналық көмек ақылы түрде көрсетілетіндігін түсіндіргендерін айтты.

А. есімді азаматшаға медициналық көмек қалай көрсетілуі тиіс?

А. Гиппократтың антына сәйкес дәрігердің басты міндеті кез-келген адамға медициналық көмек көрсету

Б. жүкті әйелдер үшін қорға жарнаны мемлекет аударды, сондықтан көмек тегін көрсетілуі тиіс

В. жүкті әйелдерге медициналық көмек ТМҚК аясында көрсетіледі

Г. шұғыл медициналық көмек тегін көрсетілуі тиіс

Д. басқа елдің азаматы және МӘМС қорына жарна аударылмағандықтан медициналық көмек ақылы негізде көрсетіледі

19. Ерікті медициналық сақтандыру ұйымы 1 қаңтар 2019 жылы М. мекемесімен келісімшарт жасасты. Келісімшартта мынадай шарттар қарастырылған: тараптардың атауы, қолданылу мерзімі, сақтандыру жарналарының мөлшері және оларды енгізу тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттері. Бірінші жарна 7 ақпан 2019 ж. алынды. Ерікті медициналық сақтандыру ұйымы 1 қаңтар мен 6 ақпан аралығында алған медициналық көмекке ақы төлеуден бас тартты.

Медициналық сақтандыру шарты қай сәттен бастап әрекет ете бастайды?

А. Медициналық сақтандыру шарты келіссөз жүргізген сәттен бастап әрекет ете бастайды.

Б. Медициналық сақтандыру шарты 1 қаңтардан бастап әрекет ете бастайды.

В. Медициналық сақтандыру шарты тараптар қол қойған сәттен бастап әрекет ете бастайды.

Г. Медициналық сақтандыру шарты алғашқы сақтандыру жарнасы төленген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

Д. Медициналық сақтандыру шарты сақтандыру жарнасының мөлшері белгіленген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

20. Сақтандырылған азамат К. Тараз қаласында тұрады. Нұр-сұлтан қаласында тұратын туыстарына барып, ауырып қалды. Жергілікті емхана терапевтіне қаралуға келді. Емхана терапевті оған Тараз қаласында тіркеуде тұрғандықтан қабылдаудан бас тартты.

Терапевтің әрекеті заңды ма? Егер жоқ болса, ҚР қандай заңнамасы бұзылған?

А. Терапевтің әрекеті заңды. Медициналық көмек К. азаматқа ақылы негізде көрсетілуі тиіс.

Б. Терапевтің әрекеті заңсыз. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексіне сәйкес сақтандыру медициналық көмек ҚР барлық аумақтарында тегін көрсетілуі тиіс.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 9 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӨМС және медициналық құқық»	

В. Терапевтің әрекеті заңды. Медициналық көмек ҚР барлық аумақтарында тек тіркелген емдеу мекемелерінде тегін көрсетілуі тиіс.

Г. Терапевтің әрекеті заңды. Медициналық көмек мекен-жайы бойынша тегін көрсетіледі.

Д. Терапевтің әрекеті заңсыз. "ҚР міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" N 405 заңына сәйкес сақтандыру медициналық көмек ҚР барлық аумақтарында тегін көрсетілуі тиіс.

21. Коронавирустық инфекцияның инкубациялық кезеңі

А. 1-14 күн

Б. 15-18 күн

В. 20-24 күн

Г. 24-32 күн

Д. 20-30 күн

22. Коронавирустық инфекцияның ең тиімді алдын-алу шарасы

А. байланыста болғандарды бақылау

Б. жеке гигиена мен ЖҚҚ

В. салауатты өмір салтын ұстану

Г. беру механизмі мен жолдарын бұзу

Д. дұрыс тамақтану

23. Коронавирустық инфекцияның таралу жолдары:

А. трансмиссивті, жанасу, тағам

Б. ауа- шаң, тағам, жанасу-тұрмыстық

В. жанасу, ауа-тамшы, аэрозольді

Г. трансплантациялық, жыныстық, парентералдық

Д. алименталдық, перинаталдық, гемотрансфузиялық

24. Медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының негізгі функциялары:

А. шарттық міндеттемелер шеңберінде медициналық көмектің сапасын бақылау, медициналық қызметтердің сапасын бақылау нәтижесі бойынша шарттық міндеттемелер шеңберінде медициналық қызметтерге ақы төлеу

Б. медициналық көмек көрсету сапасын мемлекеттік бақылау: ішкі және сыртқы сараптама, денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу, кадрларды сертификаттау

В. шарттық міндеттемелер шеңберінде сапалы медициналық көмек көрсету

Г. жоғары технологияларды дамыту, стратегиялық құжаттарда денсаулық көрсеткіштерін анықтау, клиникалық хаттамаларды жетілдіру

Д. шарттық міндеттемелер шеңберінде медициналық көмектің сапасын бақылау, клиникалық хаттамаларды жетілдіру

25. Базалық ставка құнын есептеу формуласы

А. келесі жылдың бюджеті / келесі жылға жоспарланған базалық ставкалардың саны

Б. биылғы жылдың бюджеті / келесі жылдың бюджеті

В. биылғы жылдың бюджеті + келесі жылға жоспарланған базалық ставкалардың саны

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12 17 беттің 10 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		

Г. келесі жылдың бюджеті – биылғы жылы көрсетілген қызметтер саны

Д. базалық ставкалар саны + биылғы жылғы бюджет

2-нұсқа

1. МӘМС Заңын енгізу мен іске асыру жағдайында қазіргі кездегі денсаулық сақтау жүйесіндегі негізгі проблемалар

А. санитариялық-амбулаториялық көмектің қол жетімді болмауы

Б. медициналық көмекті жекеменшік клиникада алу мүмкіндігі зор

В. стационарға арналған қаржы үлесінің жоғары болуы

Г. амбулаториялық емханалық көмекке қаржының көп жұмсалуды

Д. дәрігерлердің клиникалық хаттамаларға сәйкес емдеуі

2. МӘМС жүйесінің әлеуметтік әділдік қағидасы

А. тұрақты өмір сүретін тұрғындардың барлығы қатысуы тиіс

Б. әрбір сақтандырылған адамның төлеген жарнасының сомасына қарамастан МӘМС пакеті бойынша медициналық көмек алуға құқығы бар

В. диагнозы бірдей адамдарға бірдей ем тағайындалады

Г. экономикалық белсенді емес халық үшін жарнаны мемлекет аударады

Д. табысы бірдей адамдардың қорға аударатын жарна көлемі де бірдей болады

3. ҚР міндетті медициналық сақтандыру» Заңына сәйкес медициналық мекемелер ... міндетті.

А. сақтандырылған азаматтарға міндетті медициналық сақтандыру бағдарламасына сәйкес тегін медициналық көмек көрсетуге

Б. сақтандырылған тұлғаларға көрсетілген медициналық көмек туралы мәліметтерді тіркеуге

В. аймақтық қорға сақтандырылған азаматтарға көрсетілген медициналық көмек туралы мәлімет беруге

Г. келісім шарт бойынша бекітілген тарифке сәйкес көрсетілген медициналық көмек көлеміне қаржы алуға

Д. барлық тұлғаларға көрсетілген медициналық көмек туралы мәліметтерді тіркеуге

4. Денсаулық сақтау саласына бөлінген мемлекет қаржысы ... жұмсалады.

А. диагностикалық-кеңес беру қызметіне

Б. амбулаториялық көмекке

В. стационарлық көмекке

Г. зертханалық қызметтерге

Д. әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеуге

5. МӘМС шарты ... арасындағы келісімі болып табылады.

А. медициналық сақтандыру ұйымы және медициналық емес мекеме

Б. медициналық сақтандыру ұйымы және сақтанушы

В. медициналық сақтандыру ұйымы және аумақтық МӘСК

Г. аумақтық МӘСК және медициналық емес мекеме

Д. медициналық емес мекеме және сақтанушы

6. Денсаулық сақтау субъектілері, ... көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жіберілмейді.

А. қордың шешім қабылдау құқығы бар лауазымды адамы олардың құрылтайшысы болса,

Б. қордың шешім қабылдау құқығы бар лауазымды адамы олардың құрылтайшысы болмаса,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12 17 беттің 11 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		

В. алдыңғы 3 жыл ішінде жасалған шарт орындалмауына байланысты екіжақты тәртіппен бұзылған болса,

Г. олардың қаржылық-шаруашылық қызметі ҚР заңнамасына сәйкес жұмыс істесе,

Д. заңды тұлғаның қызметі туралы анық емес деректерді ұсынса,

7. Әлеуетті жеткізушілерге арналған бизнес үдерістердің алгоритмі.

А. Қордың қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруын іздеу, egov порталы арқылы қатысуға өтініш беру, жеткізушілердің бірыңғай тізіміне енгізу рәсімі, қызметтерді сатып алу шартын жасау рәсімі

Б. Қордың қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруын іздеу, egov порталы арқылы қатысуға өтініш беру, қызметтерді сатып алу шартын жасау рәсімі

В. Қордың қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруын іздеу, Қордың порталы арқылы қатысуға өтініш беру, жеткізушілердің бірыңғай тіркеліміне енгізу, қызметтерді сатып алу шартын жасау рәсімі

Г. Қордың қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруын іздеу, egov порталы арқылы қатысуға өтініш беру, жеткізушілердің бірыңғай тізіміне енгізу, шарттық міндеттемелерді орындау

Д. Қордың қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруын іздеу, жеткізушілердің бірыңғай тіркеліміне енгізу, қызметтерді сатып алу шартын жасау рәсімі

8. Емдеуге жатқызу бюросындағы мынадай мәліметтер негізінде ТМҚКК немесе МӘМС қаржыландыру пакеті айқындалатын болады

А. Жолдама түрі, диагноз коды, Д-есебі туралы мәліметтер, жүктілік туралы мәліметтер, сақтандырылу мәртебесі

Б. Жолдама түрі, диагноз және /немесе операция коды, Д-есебі туралы, жүктілік туралы мәліметтер, сақтандырылу мәртебесі

В. Жолдама түрі, диагноз және/немесе операция коды, Д-есебі туралы мәліметтер, сақтандырылу мәртебесі

Г. Жолдама түрі, диагноз және/немесе операция коды, Д-есебі туралы мәліметтер, жүктілік туралы мәліметтер

Д. Бағыт түрі, жүктілік туралы мәліметтер, табыс туралы мәліметтер

9. 28 жастағы ер адам ауруы басталған соң 5-ші күні ауруханаға түсті. Аяқта дақ пен қышу пайда болғаннан кейін, қызба пайда болды, содан кейін дақтың орнында қызыл мөр пайда болды, содан кейін ауырсынатын жараның пайда болуымен жарылған көпіршік пайда болды, сол жақ ішек аймағында өткір ауырсыну және тығыздау пайда болды. Сол жақ білек аймағында диаметрі 2 см терең ойық жара бар, оның шеттері ашық, негізі инфильтрацияланған, айналасы қызарып, ісінінген, серозды-геморрагиялық құрамы бар жара байқалады, пальпация кезінде ауырады. Дәрігер науқастың оба ауруынашалдықты деп күдіктенеді.

01.01.2020 жылдан бастап пациентке қандай медициналық көмек көлемі шеңберінде емдеу жүргізіледі?

А. Ақылы негізде

Б. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша

В. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі негізінде

Г. Ерікті медициналық сақтандыру арқылы

Д. Қайырымдылық қорларының қаражаты есебінен

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 12 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»	

10. Аудан орталығынан шалғай жердегі елді мекенде ауыр жағдайдағы науқасты санитарлық авиацияның көмегімен облыстық клиникалық ауруханаға тасымалдау туралы шешім қабылданды.

Санитарлық авиацияның қызметіне ақы төлеу қалай жүзеге асырылады?

- А. санитарлық авиацияның қызмет ақысын аудандық аурухана төлейді
- Б. санитарлық авиацияның қызметі МӘМС пакетіне кіретіндіктен, науқас үшін тегін
- В. санитарлық авиацияның қызмет ақысын облыстық клиникалық аурухана төлейді
- Г. санитарлық авиацияның қызметі ТМҚКК кіретіндіктен, науқас үшін тегін
- Д. санитарлық авиацияның қызмет ақысын науқастың өзі төлейді

11. 40 жастағы науқас бел-сегізкөз омыртқасының жарақатынан кейін невропатологпен "жарақаттан кейінгі бел-сегізкөз радикулиті" диагнозы бойынша емделді. Учаскелік дәрігер медициналық оңалту курсына жолдама рәсімдеді.

Науқасты емдеу қандай қаржы көзі есебінен жүргізіледі?

- А. Қайырымдылық қорларының қаражаты
- Б. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі
- В. Ақылы негізде
- Г. Ерікті медициналық сақтандыру арқылы
- Д. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі

12. М. есімді азамат 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап медициналық көмек көрсету шартын жасасуға дайындалып жатқандықтан жарналарды төлеу бойынша түсініктеме алу үшін МӘМС қорына жүгінді. Шартқа сәйкес ай сайынғы табыс 200000 теңге сомасы болып табылады. Шарт жасасатын салық агенті азаматты МӘМС-ға ұсталатын жарналардың сомасы ай сайын ... тең болатындығын хабардар етуі керек.

- А. 40000 теңге
- Б. 20 000 теңге
- В. 2000 теңге
- Г. 4 000 теңге
- Д. 10 000 теңге

13. Акушерлік және гинекология бөлімшесінің дәрігері жүктілікке және босануға байланысты демалысты рәсімдейді. Еңбек өтілі 11 жыл, лауазымдық айлық жалақысы 165000 тг.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап декреттік демалыс жағдайында МӘМС қорына аударымдар/жарналар енгізу тәртібін анықтаңыз.

- А. мемлекеттің жарнасын есептеу объектісінің 4% - ы
- Б. мемлекеттің жарнасы 4%- дан кем емес, бірақ мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің 5% - ынан артық емес
- В. жұмыс берушінің аударымдары, аударымдарды есептеу объектісінен 1%
- Г. жұмыс берушінің аударымдары, аударымдарды есептеу объектісінің 1,5 %
- Д. жұмыс берушінің аударымдары, аударымдарды есептеу объектісінің 2 %

14. Жол-көлік оқиғасынан зардап шеккен адам шұғыл түрде көптеген жарақаттар мен үлкен көлемде қан жоғалтуына байланысты жедел клиникаға жатқызылды.

Қан препараттарын құю медициналық көмектің қандай көлемі шеңберінде жүргізіледі?

- А. елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесі
- Б. МӘМС
- В. алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты
- Г. медициналық қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12 17 беттің 13 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		

Д. ТМҚКК

15. Мұнай өңдеу зауытының жұмысшысы азамат С. қан ауруымен (анемия) ЕПМ-ге жүгінді. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы шеңберінде көмек көрсетілді.

Көрсетілген медициналық көмекті қаржыландыру қандай қаражат есебінен жүзеге асырылады?

- А. мемлекет бюджетінен
- Б. МӘМС қоры есебінен
- В. халықаралық қор есебінен
- Г. зейнетақы қоры есебінен
- Д. жұмыс теруші есебінен

16. Қызметкер А. Иванова бала күтіміне байланысты демалыс алған.

МӘМС қорына А. Иванова үшін қаржыны кім аударады?

- А. күйеуі
- Б. жұмыс беруші
- В. мемлекет
- Г. әлеуметтік қамсыздандыру орталығы
- Д. жергілікті әкімшілік

17. К. есімді азаматша асқазанына 2 рет сәтсіз ота жасатты. Ғаламтор арқылы осы бағытта арнайы ота жасайтын клиникамен келісіп, жергілікті емхананың бас дәрігеріне жолдама беруін өтінді. Алайда бас дәрігер клиника мен дәрігерді таңдауға науқастың құқығы жоқ екендігін айтып, жолдама беруден бас тартты.

Дәрігердің іс-әрекетін бағалаңыз.

- А. науқастың дәрігер мен емдеу мекемесін таңдауға құқығы болғандықтан, бас дәрігердің іс-әрекеті заңсыз
- Б. науқас дәрігерлерге сенімсіздік білдіріп отыр, сондықтан бас дәрігердің әрекеті заңды
- В. науқастың ақылы негізде көрсетілетін медициналық көмек алуда мекеме мен дәрігерді таңдауға құқығы бар, ал тегін медициналық көмекте ондай құқық берілмейтіндіктен бас дәрігердің әрекеті дұрыс
- Г. бас дәрігердің әрекеті заңсыз, бірақ науқас дәрігерді емес, мекемені ғана таңдай алады
- Д. бас дәрігердің әрекеті заңсыз, бірақ науқас мекемені емес, дәрігерді ғана таңдай алады

18. 23 жасар азаматша кардиологиялық орталықтың жұмысына көңілі толмайтындығын айтып, сақтандыру қорына шағымданды. Сақтандыру қоры ұйымдастырған арнайы комиссияның сұраған құжаттарын кардиологиялық орталықтың бас дәрігері тек қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының рұқсатымен ғана беретіндігін мәлімдеді.

Құжаттарды беру тәртібі қандай?

- А. құжаттар тек денсаулық сақтау басқармасының рұқсатымен беріледі
- Б. бас дәрігердің әрекеті заңды, құжаттар берілмейді
- В. құжаттар тек прокурордың рұқсатымен беріледі
- Г. бас дәрігердің әрекеті заңсыз, комиссияға құжаттар берілуі қажет
- Д. құжаттар сот шешімімен беріледі

19. Сақтандырылған азамат И. Тараз қаласында тұрады. Нұр-сұлтан қаласында тұратын туыстарына барып, ауырып қалды. Жергілікті емхана терапевтіне қаралуға келді. Емхана терапевті оған Тараз қаласында тіркеуде тұрғандықтан қабылдаудан бас тартты.

Азамат И. терапевтің әрекетіне байланысты кімге шағымдануы керек?

- А. Сақтандыру қорына немесе қоғамдық бірлестіктерге шағымдануына болады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 14 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӨМС және медициналық құқық»	

- Б. Сотқа жүгінуіне болады.
- В. Жергілікті әкімшілікке шағымдануына болады.
- Г. Емхана әкімшілігіне немесе Нұр Отан партиясына өтініш жазуына болады.
- Д. Емхананың бас дәрігеріне өтініш жазуы керек немесе сақтандыру қорына қоңырау шалуына болады.
20. Ерікті сақтандырылған Алматы қаласының тұрғыны М. Көкшетау қаласында тұратын туыстарына барып, ауырып қалды. Жергілікті емхана терапевтіне қаралуға келді. Емхана терапевті оған Көкшетау қаласында тіркеуде тұрғандықтан қабылдаудан бас тартты. Азамат М-нің мүддесін кім қорғауы тиіс?
- А. Сот жүйесі
- Б. Сақтандыру компаниясы
- В. Емхана әкімшілігі
- Г. Нұр Отан партиясы
- Д. Қоғамдық бірлестіктер
21. Коронавирустық инфекцияға тән клиникалық белгілерге ... жатады.
- А. дене қызуының көтерілуі, жөтел, еңтігу
- Б. іштің ауруы, құсу, бас ауруы
- В. аурудың алғашқы сағаттарында интоксикацияның тез даму белгілері, әлсіздік, миалгия
- Г. бірінші тәулікте дене қызуының ең жоғары деңгейге көтерілуі, құсу, жүрек қағысы
- Д. қызба, ауыздың шырышты қабатында дақтардың пайда болуы, беттің ісінуі, мұрыннан іріңді бөліну
22. Амбулаториялық-емханалық медициналық мекемелерден Covid-19 күдікті науқастарды стационарға жеткізу ... жүзеге асырылады.
- А. арнайы бөлінген медициналық автокөлікпен
- Б. науқастың туыстарының көмегімен
- В. емхананың автокөлігімен
- Г. жедел медициналық жәрдем бригадасымен
- Д. қоғамдық көлікпен
23. Төмендегі көрсетілгендерден COVID-19 диагнозын қоюда жиі қолданылатын диагностикалық тест
- А. вирусологиялық талдау
- Б. имунофлуоресценттік талдау (ИФТ)
- В. жасуша культурасында вирусты бөлу
- Г. вирустық антигендерді анықтау сынағы
- Д. полимеразды тізбекті реакцияны талдау (ПТР)
24. ЖҚҚ-дан пәтерге кірер алдында дәрігер ...киюі керек.
- А. қорғаныш көзілдірігі, қолғап, бахилды
- Б. резеңке алжапқыш, қолғап, бахилды
- В. халат, қорғаныш көзілдірігі, хирургиялық бетперде немесе респиратор
- Г. халат, қорғаныш көзілдірігі, бахилды
- Д. халат, бетперде, резеңке алжапқыш
25. Клиникалық-шығын топтардың салмақ коэффициентін есептеу үшін негізгі көрсеткішті атаңыз.
- А.медициналық-экономикалық тариф

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 15 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӨМС және медициналық құқық»	

- Б. пациентті емдеудің нақты құны
- В. бір күнгі төсек құны
- Г. осы жылға арналған бюджет мөлшері
- Д. дәрі-дәрмек шығындары

2-аралық бақылауға арналған жағдайлық есептер

1-есеп. Кішкентай ауылда 19 жастағы қызды зорланды. Жәбірленуші ата-анасы мен дәрігерден басқа ешкімге жыныстық зорлық туралы хабарлаған жоқ. Ол дәрігерге жүктіліктің 6-аптасында келіп, түсік жасату туралы өтініш айтты. Дәрігер түсік жасаудан бас тартты. Жәбірленуші депрессияға шалдығып, өзіне қол жұмсады. Ата – анасы қызының өзіне қол жұмсауына дәрігер айыпты деп сотқа шағымданды. Сотта дәрігерден жауап алу барысында медициналық құпияны ашып, жағдайды егжей-тегжей баяндады.

Сұрақ: Дәрігер қызға түсік жасаудан бас тартқан және сотта жауап беру кезінде "егжей-тегжейлі баяндағаны" заңды тұрғыдан дұрыс па?

2-есеп. Кішкентай ауруханаға бір уақытта, ұлты шешен жас жігіт және орыс полиция майоры жеткізілді. Олар қылмыстық жағдайда бір-бірін жарақаттаған. Зардап шеккендердің жалпы жағдайы шамамен бірдей. Дәрігерлердің ұлты орыс болғандықтан полиция майорына толыққанды медициналық көмек көрсетілді, ал жас жігітке толыққанды көмек көрсетуден бас тартып, тек қан кетуді тоқтатумен шектелді. Зардап шеккен жас адамға медициналық көмек көрсетілмегендіктен оның өміріне қауіпті жағдай дамыды.

Сұрақ: Дәрігерлердің іс-әрекеттерінде этикалық қағидалардың бұзылуы бар ма? Түсіндір.

3-есеп. Наркологиялық диспансерде есепте тұрған Ивановаға тексеруден өту үшін екінші рет шақырту келіп түсті. Алайда, ол тексеруге келмеді. Медбике полиция қызметкерінің қатысуымен наркологиялық диспансерден көршілеріне қоңырау шалды. Иванова медбикенің медициналық құпияны бұзғандығы туралы шағымданды.

Сұрақ: Иванованың шағымы негізделген бе?

4-есеп. Флюорографиялық тексеру және одан кейінгі диагностика кезінде №1 мектеп директоры И.В. Петренкода туберкулезді анықталды. Емхананың бас дәрігері білім басқармасының бастығына осы жағдай туралы хабарлама жіберді. Мектеп директоры дәрігерлік құпияның жариялануына қатысты шағым түсірді.

Сұрақ: Шағым негізделген бе?

5-есеп. 14 жастағы Сергачева Н. тері-дерматологиялық диспансерде тексерілген соң оған трихомоназ диагнозы қойылды. Дәрігер ата-анасы туралы ақпарат сұрап оларға осы жағдай туралы ақпаратты бергісі келді. Сергачева ашуланып, дәрігерге медициналық құпияны жария етуге құқы жоқ екендігін есіне салды.

Сұрақ: Кімнің әрекеті дұрыс?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 16 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӨМС және медициналық құқық»	

6-есеп. Литвинов оқты қарумен абайсызда аяғын жарақаттап, БСМП-ға жүгінді. Кезекші дәрігер Литвиновтың жарақаты туралы полицияның кезекші бөліміне хабарлады. 10 күннен кейін құқық қорғау органдары қылмыс оқиғасының болмауына байланысты қылмыстық іс қозғаудан бас тартты. Литвинов медициналық құпияны ашу фактісі бойынша кезекші дәрігердің әрекетіне шағым түсірді.

Сұрақ: Литвиновтың шағымына қандай жауап берер едіңіз?

7-есеп. Дерматолог Самойлова құрбысы Феоктистованың үйіне барған кезде оған қызын көршінің қызы Линдовамен ойнауға рұқсат бермеуге кеңес берді, өйткені ол Самойлованың қабылдауында болған, оның қызында қышыма бар. Линдова-танымал массажист. Феоктистованың үйінде массаж жасаушы Линдованың 2 клиенті де болды. Олар келесі күні оның сеанстарынан бас тартып, оған себеп қызының жұқпалы ауруы деп түсіндірді.

Сұрақ: Бұл жағдайда науқастың құқықтары бұзылды ма?

8-есеп. М., 15 жастағы науқас жазғы лагерьден жедел жәрдем көлігімен аудандық аурухананың қабылдау бөліміне жедел энтероколит диагнозымен жеткізілді. Төрт күн бойы ауырған. Қабылдау бөлімінде "аппендикулярлық абсцесс" диагнозы қойылып, қызға шұғыл түрде операция жасалды. Қыздың операцияға келісімі алынды. 3 сағаттан кейін келген қыздың әкесі кезекші хирургтың әрекетіне шағым түсірді, өйткені операция кәмелетке толмаған адамның ата-анасының келісімінсіз жасалды.

Сұрақ: Қыздың әкесінің талаптары орынды ма?

9-есеп. Науқас К., 43 жаста, медициналық академияның жалпы хирургия клиникасында "жедел геморроидальды тромбоз" диагнозымен емделді. Консервативті терапия жүргізілді. Науқастың өзі бауыр ауруына күдіктеніп, тиісті медициналық әдебиеттермен танысты. Ол бұл туралы дәрігерлерге айтпады, өйткені ол үнемі алкогольді ішімдік ішетіндіктен мойындаудан ұялды. Науқас емдеуші дәрігерден оған биохимиялық қан талдауын көрсетуді өтінді, алайда дәрігер оның өтінішін қанағаттандырмады. Сабақ барысында студент науқасқа биохимиялық талдауын көрсетті, онда АЛТ және АСТ аздап жоғары болғандықтан пациент емдеуші дәрігерден гепатологты кеңесі қажет деп өтінді. Алайда дәрігер науқасқа бауырдың ультрадыбыстық зерттеуін тағайындады. УДЗ ешқандай өзгерістер табылмады. Геморройдың өткір жағдайы басылғаннан кейін науқасқа жоспарлы түрде ота жасату туралы ұсыныспен ауруханадан шығарылды. 6 айдан кейін науқас қалалық ауруханаға бауыр циррозымен түсті.

Сұрақ: Клиниканың дәрігері қандай кәсіптік жібергенін көрсетіңіз?

10-есеп. Бронх демікпесімен ауыратын Клинченко ауа жетпей тұншығуына байланысты жедел медициналық көмек шақырды. ЖМК бригадасы Клинченкоға инъекция жасауды ұсынды. Клинченко келісті. ЖМК бригадасы кеткеннен кейін, ол дәрі-дәрмекке ерекше реакция басталды. Клинченко дәрі аллергиялық реакция берді деп күдіктенді, бірақ ол дәрінің атын және аллергиялық реакцияның мүмкін екенін білмеді.

Сұрақ: Клинченконың қандай құқықтары бұзылды?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12 17 беттің 17 беті
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӨМС және медициналық құқық»	

11-есеп. Науқас Ф. жыныстық жолмен берілетін ауруларға тест тапсырып, гонорея оң нәтиже көрсетті. Дәрігер-гинеколог Ф-ға жұбайын да тексеру керек деді. Науқас жылап, оған бұл туралы айтуға қорқатынын айтқанда дәрігер Ф-ға дәрекі жауап қатты.

Сұрақ: Пациенттің құқығы бұзылды ма?

12-есеп. Тексеруден кейін 16 жастағы науқас М. емдеуші дәрігерден қандай диагноз қойылғанын сұрады. Дәрігер "өкпе эмфиземасы" диагнозы қойылғанын айтты. Науқас осы ауру туралы дәрігерге толығырақ түсіндіруді өтінді. Дәрігер оған уақытым жоқ деп жауап берді және медициналық энциклопедиядан осы ауру туралы егжей-тегжейлі оқи алатынын және ауруы туралы науқаспен емес оның ата-анасымен сөйлескісі келетінін айтты.

Сұрақ: Пациенттің қандай құқықтары бұзылған?

13-есеп. 1 жастағы бала операция кезінде қайтыс болды. Ата-анасы сотқа жүгіну үшін медициналық құжаттардың көшірмесін талап етті. Аурухана әкімшілігі медициналық құжаттардың көшірмелері тек соттың жазбаша талабы бойынша берілетінін түсіндіріп, беруден бас тартты.

Сұрақ: Баланың ата-анасының құқықтарын түсіндіріңіз